# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 35 (886) 4 қыркүйек 2025 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi ● e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

## АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ!

**Конституция - бұл еліміздің басты заңы, тәуелсіздігіміздің тірегі. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған бұл құжат - бірлік пен тұрақтылықтың кепілі. Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына - 30 жыл толып отыр. Осыған орай, ауданда бірқатар іс-шаралар өтіп, «Достық» саябағында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Саябақ аумағында күзгі сый көрмесі, қолөнер шеберлерінің ағаштан, жүннен және тағы да басқа материалдан жасаған құнды дүниелері жұртшылық назарына ұсынылды.**

Мерекелік іс-шара «Елім менің» патриоттық әнінің сүйемелденуімен басталып, аудандық полиция қызметкерлері сахнаға ҚР Конституция кітабының макеті мен Мемлекеттік Туын алып шықты. Айбынды Әнұранымыз орындалып, Ата Заңымызға құрмет көрсетілді.

Содан соң аудан әкімі Рахат Смағұлов мағжандықтарды Конституцияның 30-жылдығымен құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

- Биыл біз халқымыздың ұлы мерекесін – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мен оның қабылданғанына 30 жыл толуын айрықша мақтанышпен атап өтудеміз. Бұл – ел тарихындағы тағдырлы шешімнің, мемлекетіміздің іргетасы қаланған күннің мерейтойы.

Осы жылдар ішінде Конституция халқымыздың айнымас темірқазығына айналды. Ол – тәуелсіздігіміздің тұғыры, бірлігіміздің нышаны, болашаққа деген сеніміміздің кепілі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей: «Конституция – бұл біздің тәуелсіздігіміздің, келісім мен тұрақты дамудың кепілі».

Осыдан отыз жыл бұрын халықтың еркін таңдауымен қабылданған Конституция бүгінде тәуелсіз еліміздің даму жолын айқындаған басты құжатқа айналды. Ол азаматтардың теңдігі мен бостандығын қорғап қана қоймай, мемлекетіміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйесінің берік негізін қалады.

Ата Заңымыздың арқасында еліміз әлемдік қауымдастық алдында сенімді әріптеске, тұрақты әрі өркендеуші мемлекетке айналды.

Конституция - рухани құндылықтарымызды сақтап, жас ұрпақ-тың болашағына жол ашты. Сондықтан әрбір азамат үшін оны құрметтеу – елге деген адалдықтың белгісі.



**Құрметті қауым!**

Барлық жетістіктеріміздің түпқазығы – қарапайым еңбек адамдарының маңдай тері. Диқандарымыз елді нанымен қамтамасыз етіп, құрылысшыларымыз мектептер мен мәдениет ошақтарын салуда, ұстаздарымыз жас ұрпаққа білім беріп, дәрігерлеріміз халықтың саулығын қорғауда.

Жас кәсіпкерлер, спортшылар мен өнерпаздар ауданымыздың абыройын асқақтатуда.

Сондықтан бүгінгі табысымыз – ата-бабамыздың асыл арманының орындалуы, ал ертеңгі жетістіктеріміз – бүгінгі еңбегіміздің жемісі. Бірлігіміз берік, татулығымыз жарасқан кезде ғана еліміздің іргесі мықты болмақ.

Сондықтан бүгін баршаңызды елдік пен бірліктің, әділет пен татулықтың айшықты мерекесі – Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа шаттық пен береке, ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Қасиетті мерекеге орай, 7 бала тәрбиелеп отырған көп балалы ана Айтжамал Нұрлыбаева Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 маусымдағы Жарлығы бойынша «Алтын алқа» алқасымен марапатталды. Сондай-ақ мерекеге орай, әртүрлі салада еңбек етіп жүрген бірқатар азаматқа адал еңбегі, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлесі үшін және Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толуына байланысты облыс әкімінің және ауданы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары табыс етілді.

Мереке одан әрі концерттік бағдарламамен жалғасып, ауданның көркемөнерпаздары патриоттық әндер орындап, халыққа көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Кешке жастарға арналған би кеші ұйымдастырылып, осылайша, мемлекеттік мереке барлық жастағы тұрғындарды қамтыды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

## АУДАНДА 295 БҮЛДІРШІН 1-ШІ СЫНЫПҚА БАРДЫ

*1 қыркүйек - Білім күніне орай, аудан әкімі Рахат Смағұлов күрделі жөндеуден өткен Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешеніне барып, салтанатты жиынға қатысты.*

Әкім жаңа оқу жылының басталуымен ұстаздарды, ата-аналар мен оқушыларды құттықтап, 2025 жылдан бастап білім беру жүйесіне патриотизмді, адамгершілік пен экологиялық жауапкершілікті дамытуға бағытталған жаңартылған «Адал Азамат» тәрбие бағдарламасы енгізілетінін атап өтті.

- Баршаңызды Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

1 қыркүйек - бұл білімге деген ынта мен жаңа бастамалардың күні. Бұл - бәрімізді ортақ мақсатқа, яғни оқуға, үйренуге және алға ұмтылуға шақыратын ерекше мереке. Біздің ортақ міндетіміз - Қазақстанды гүлденген, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналдыру. Еліміздің орнықты дамуының басты факторы - сапалы білім. Ол жан-жақты дамыған, сауатты ұлтты қалыптастырады.

Аудандағы барлық мектептер бейнебақылау жүйесімен, дабыл батырмаларымен жабдықталып, жол инфрақұрылымы жаңартылды. Сонымен қатар, жаңартылған мектеп асханасы енгізілуде, ал жұмыс тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «әлеуметтік әмиян» жүйесі жұмысын бастады.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінде 135 миллион теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді: шатыр, терезелер, жарықтандыру, кабинеттер мен фойедегі жабындар ауыстырылды. «Оқитын мектеп» жобасы аясында кітапхана жаңартылып (2,5 млн теңге), асханаға жаңа жабдықтар сатып алынды (7 млн теңге).

**Құрметті ұстаздар!**

Жанқиярлық еңбегіңіз, шыдамдылығыңыз және балаларға деген сүйіспеншілігіңіз үшін ризашылығымды білдіремін.

Ұлы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Ұстаз - ұлт келбеті».

Шын мәнінде, сіздердің еңбектеріңізді бағалау мүмкін емес.

**Құрметті ата-аналар!**

Бұл күн тек оқушылар мен ұстаздар үшін ғана емес, сіздер үшін де маңызды. Сіздер балаларға қолдау көрсетіп, олардың өсуіне, үйренуіне және дамуына көмектесесіздер.

**Қымбатты достар!**

Баршаңызға мықты денсаулық, мол бақыт, білім жолында үлкен жетістіктер тілеймін!

Бұл оқу жылы сіздер үшін сәтті болсын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Мерекеге арналған кездесуде білім ошағының директоры Жанайдар Әлнәзіров, педагогика саласының ардагері Сергей Заев және ата-аналар атынан Юлия Масерова сөз сөйлеп, жаңа оқу жылында ұстаздар мен оқушыларға сәттілік тіледі.

11-ші сынып оқушылары мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерге өлең жолдарын арнап, сыйсияпат жасады. Өз кезегінде 1-ші сынып оқушылары да білімге құштарлықтарын тақпақтар арқылы жеткізіп, мерекенің сәнін келтірді.

Аудандық білім бөлімінің мәліметінше, барлық мектептерде 2025-2026 жаңа оқу жылының басталуына арналған салтанатты жиындар өтіп, 295 бүлдіршін үшін алғашқы қоңырау соғылған екен.



Жаңа оқу жылында оқушылар мен ұстаздарға жаңа міндеттер мен мүмкіндіктер күтуде.

Мәселен, өскелең ұрпақтың патриоттық сезімдерін, экологиялық сананы және адами құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған «Адал Азамат» жаңартылған тәрбие бағдарламасы іске қосылады.

Оқу процесіне жасанды интеллект технологиялары белсенді енгізілмек - бұл білім алуды тиімді, қызықты және қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Денсаулық пен қауіпсіздікке де ерекше көңіл бөлінеді:

- Мектеп асханалары Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген жаңартылған, теңгерімді мәзір бойынша жұмыс істейтін болады;

- Тамақтану жүйесінің ыңғайлылығы мен ашықтығын қамтамасыз ететін «әлеуметтік әмиян» енгізілуде;

- Барлық мектептерде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, ал Булаев мектеп-балабақша кешені күрделі жөндеуден өтті;

- Барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау камераларымен және дабыл батырмаларымен жабдықталған.

Ендеше, жаңа оқу жылы жемісті, қызықты және қауіпсіз болсын!

Оқушыларға - білімге деген құштарлық пен жаңа жетістіктер, ұстаздарға - шабыт пен кәсіби табыс, ал ата-аналарға - балаларымен мақтанып, жетістіктеріне бірге қуануын тілейміз!

## Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



# МАРИНА МАХМУДОВНА БАЙБЕКОВА

### ӨМІРБАЯНЫ

1978 жылы 8 ақпанда Петропавл қаласында дүниеге келген.

1997 жылы Петропавл теміржол көлігі колледжін «Темір жолға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандығы бойынша аяқтаған.

Чистов ауылдық округінің аумағында 1998 жылдан бері тұрып келеді.

Еңбек жолын 2011 жылы бастаған. 2011 жылдың сәуірінен 2011 жылдың маусымы аралығында «Чистовский» ЖШС-де асхана жұмысшысы ретінде жұмыс атқарған.

2011 жылдың маусымынан 2018 жылдың қарашасына дейін «Чистовский» ЖШС кадрлар бөлімінің бастығы болып жұмыс істеген.

2018 жылдың қарашасынан 2020 жылдың қыркүйегіне дейін «Чистовский» ЖШС салық бойынша бухгалтері болып еңбек еткен.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Чистовский Агро» ЖШС бухгалтері болып жұмыс істейді.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

«AMANAT» партиясы атынан ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде сайлауға түсу туралы шешімді мен саналы түрде және толық жауапкершілікпен қабылдадым. Мен округ тұрғындарының игілігі үшін жұмыс істеуге, мүдделерді қорғауға және бізді толғандыратын мәселелерді шешуге көңіл бөлуге дайынмын.

Мен өз жұмысымда адалдық, ашықтық және тиімділік принциптерін басшылыққа алуды жоспарлап отырмын. Округтің проблемаларын іштей біле отырып, мен өмір сүруге қолайлы жағдай жасау, халықтың әл-ауқатын арттыру және аумағымызды тұрақты дамыту мәселелерін шешуге белсенді қатысуға ниеттімін.

Сайлауалды бағдарламамда негізгі бағыттарды атап өтейін:

1. Кент ішіндегі жолдар мен ауылдарға кірме жолдарды жөндеу, сумен жабдықтау желісінің үздіксіз жұмыс істеуі және көшелерді жарықтандыру, сондай-ақ округтің барлық елді мекендерінде мобильді байланыс пен интернеттің қолжетімділігі;

2. Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін салауатты өмір салтын сақтауға шақыру бойынша жастарды қолдау, жаңа спорт секцияларымен шығармашылық үйірмелерін ашу бойынша жұмыс істейтін боламын;

3. Халықтың әлеуметтік осал санаттарының, оның ішінде зейнеткерлердің, мүгедектердің, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың әл-ауқатына ерекше назар аудару;

4. Біздің округтің белсенді және бей-жай қарамайтын азаматтарының ішінен кеңес құрып, олардың көмегімен ауылдардағы тәртіпті қадағалау, салауатты өмір салтын үсыну, күнделікті және еңбек мәселелерін бірлесіп шешуді ұйымдастыру;

5. Қазақстанның оңтүстігінен азаматтарды көшіру бағдарламасына қатысу арқылы халықтың ауылдан көшу проблемаларын шешу. Бұл халық санын ұлғайтуға, округтың елді мекендерінің қарқынды дамуына және мектептеріміздің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Болашақта ауыл шаруашылығы кәсіпорнының директорлары мен шаруа және фермер қожалықтарының басшылары тарапынан тығыз ынтымақтастық пен көмекке, сондай-ақ ауылдық округ аумағында орналасқан ұйымдар мен мекемелердің басшылары тарапынан түсіністік пен қолдауға сенемін.

**Құрметті сайлаушылар!**

Егер Сіздер мені алдағы жылдарға әкім етіп сайласаңыздар:

- Чистовское ауылына кіреберіс жолды жөндеуге ұмтылатын боламын;
- Пролетарка ауылындағы жолдарды жөндеуге үлес қосамын;
- Пролетарка ауылында ауыз су резервуарларын орнатуға жәрдемдесетін боламын.

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан келесі мақсаттарға қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін:

- ауылдың экономикалық дамуы және округ тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға;
- жаңа жұмыс орындарын құруға;
- бұқаралық демалыс, мәдениет және спорт орындарын жайластыруға.

**Құрметті жерлестер!**

Мен Сіздердің қолдауларыңызға үлкен үміт артамын және 2025 жылғы 14 қыркүйекте сайлау учаскесіне келуге және біздің округтің дамуы мен ауылдастарымыздың өмір сүру деңгейін көтеру үшін өз дауысыңызды беруге шақырамын! Тек ортақ күш-жігермен және Сіздердің қолдауларыңызбен біз өз округіміздегі өмірді жайлы әрі перспективалы ете аламыз!

Сайлауға келіңіздер!

Мені қолдап, дауыс беріңіздер!

*Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.*

## Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



# АРМАН ТОҚТАМЫСҰЛЫ МҮКЕЕВ

### ӨМІРБАЯНЫ

1985 жылы 29 қаңтарда Омбы облысы Москаленка ауданы Новоцарицыно ауылында дүниеге келген.

2017 жылдан 2019 жылға дейін Ақмола облысы Көкшетау қаласындағы Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша оқыды, біліктілігі «Құқық бакалавры».

Еңбек жолын 2011 жылдың қаңтарынан 2012 жылдың қыркүйегіне дейін Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының ішкі істер бөлімінде жол полициясы бөлімшесінің операторы болып бастаған.

2013 жылдың маусымынан 2021 жылдың қарашасына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімінде қызмет атқарды.

2022 жылдың тамызынан 2022 жылдың қыркүйегіне дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ статистик болып жұмыс істеді.

2022 жылдың қыркүйегінен 2023 жылдың қаңтарына дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маманның міндетін атқарды.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маман болып жұмыс істейді.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Чистов ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде берген шешімімнің себебі, осы жұмысты атқарым келеді, көшбасшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындауға жұмсағым келеді.

Егер мені Чистов ауылдық округінің тұрғындары әкім етіп сайласа, қызметімді келесі мақсаттар бағыттаймын:

- ауылішілік жолдары жөндеу мен қиыршықтас төсеу, жолдарды тегістеу мен қысқы уақытта күтіп ұстау;
- округтегі елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту;
- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру;
- ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды іске асыру;
- мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмысты ұйымдастыру;
- ауылдықтар үшін жан-жақты мәдени даму жағдайларын жасау.
- мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды, жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқытудан және қайта даярлаудан өтуге жәрдемдесу;
- іскер жастардың әлеуметтік-бұқаралық бағыттағы бастамаларын қолдау;
- округ тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға жан-жақты атсалысу;
- әлеуметтік маңызы бар объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Мен мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарын басшылыққа ала отырып, округ халқының игілігі үшін қызмет ететін боламын.

Сондықтан, сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздердің маған берген дауыстарыңыз – балаларымыздың, жастарымыздың, ата-аналарымыздың бақытты да баянды өмір сүруіне қосқан үлестеріңіз болып табылады!

*Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.*

## Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



# СВЕТЛАНА ГЕННАДЬЕВНА ШАРАПОВА

### ӨМІРБАЯНЫ

1974 жылы 4 қарашада Целиноград облысы Қорғалжын ауданы Сабынды ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары, 2009 жылы Мәскеу заманауи гуманитарлық академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1991 жылдың тамызынан 1992 жылдың 28 шілдесіне дейін «Сказка» кооперативінің сауда бөлімінде сатушының шәкірті болып бастаған.

1993 жылғы 15 қаңтардан 1993 жылғы 15 қарашаға дейін «Каззолото» КБК «Еңбек» кен іздеушілерінің артелінде «Север» 38-40 ПХРО шахтасындағы асхана жұмысшысы болып еңбек еткен.

1993 жылғы 13 қарашадан 1994 жылғы 28 сәуірге дейін «Каззолото» КБК Ак-СУ кеніішінің № 40 шахтасында ас үй жұмысшысы болып жұмыс істеген.

1994 жылғы 28 сәуірден 1994 жылғы 18 шілдеге дейін «Каззолото» КБК Ак-СУ кенішінің № 40 шахтасында аспазшы көмекшісі болып қызмет атқарған.

1994 жылғы 18 шілдеден 1997 жылғы 02 қыркүйекке дейін «Каззолото» КБК Ак-СУ кенішінің № 38 шахтасының аспазшысы болып жұмыс істеді.

1999 жылғы 15 сәуірден 2006 жылғы 05 қарашаға дейін «Совет СК» ЖШС №3 бөлімшесінде маусымдық тоқ жұмысшысы лауазымын атқарған.

2015 жылдың 18 қыркүйегінен 2018 жылдың 04 мамырына дейін «СҚО Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі»КММ Советское ауылдық кітапханасында кітапханашысы болып жұмыс істеген.

2018 жылғы 5 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маман болып жұмыс істейді.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер мені Чистов ауылдық округінің тұрғындары әкім етіп сайласа, ауылдық округтің әлеуметтік- экономикалық дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Ол үшін менің бірнеше жыл жинақтаған тәжірибем мен алған білімім бар деп ойлаймын.

Егер мені сайлауда қолдасаңыздар, мен өз қызметімді келесі мақсаттарға бағыттаймын:

- мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға, көп балалы және аз қамтылған азаматтарға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықтандырумен қамтамасыз ету;
- мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс ұйымдастыру;
- ауылдықтардың жан-жақты мәдени дамуына жағдай жасау;
- өскелең ұрпақты салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
- ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді әрі пайдалы ұйымдастыру;
- жұмыссыздарды мансап орталығы арқылы оқудан және қайта даярлаудан өткізіп, тұрақты жұмыспен қамтуға атсалысу;
- азаматтарды өз ісін ашуға тарту, кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау;
- округ аумағында орналасқан елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту;
- ауылдықтардың лайықты өмір сүруіне барлық жағдай жасау.

Бірақ бұған дейін атқарылған қыруар жұмыстарға қарамастан, ауылдық округ тұрғындарының өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін шешімін таппаған мәселелер бар. Ауылішілік жолдарды жөндеу, тұрғындардың демалысын ұйымдастыру бүгінгі таңда жақын арада шешімін күткен өзекті мәселелердің қатарында.

Жиналған мәселелерді шешу үшін Сіздерден сайлауда зор қолдау күтемін!

*Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.*

# № 10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабының 2-3) тармақшасына, 1 тармағының 4) тармақшасына, 101 бабының 3-1 және 6 тармақтарына сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданының сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының шығып қалған депутаттың орнына сайлау 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалсын.

2. Кандидаттарды ұсыну мерзімі 2025 жылғы 27 тамыздан 25 қыркүйекке дейін, кандидаттарды тіркеу мерзімі 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін белгіленсін.

3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалған, № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының шығып қалған депутаттың орнына сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4. Осы қаулы «Вести» және «Мағжан жұлдызы» аудандық газетерінде және Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

**Ю. ПОРТНЯГИН,**
**аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.**

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

| № р/н | Аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері | Телефондары, факстары | Аудандық сайлау комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|
| 1 | 150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ коммуналдық меншігіндегі әкімшілік ғимараты | Коды 8-715-31; тел./факс: 2-12-33, | Төрағасы - Портнягин Юрий Анатольевич; Төраға орынбасары - Шайкенов Данияр Балғабайұлы; Хатшысы – Низамова Анастасия Ивановна; Комиссия мүшелері - Ахметова Ұлмекен Шаймұранқызы, Бекішева Сандуғаш Оразалықызы, Махметова Крестина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылыққызы |

**Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комисиясы.**

# ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 15-1 бабы 3 тармағына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

| № р/н | Сайлау округінің нөмірі | Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері | Телефоны | Сайлау округі шекарасының сипаттамасы (сайлау учаскесінің нөмірі) | Округтік сайлау комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мағжан Жұмабаев ауданы** | | | | | |
| | 10 | Полтавка ауылы, Тахир Мусаев көшесі, 25А, «СҚО әкімдігінің білім басқармасы» КММ Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ «Полтавка орта мектебі» КММ ғимараты | 8(71531)27191 | 208, 209, 224, 225, 240 | Төраға - Усенко Александра Федоровна; төраға орынбасары - Янковская Любовь Ильинична; хатшы - Зубенко Елена Александровна; комиссия мүшелері - Әбілмәжінов Әсет Әлжанұлы, Шарапов Игорь Геннадьевич. |

**Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комисиясы.**

# МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИСИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

**2025 жылғы 27 тамызда аудандық сайлау комиссиясының отырысы өткізілді, онда келесі мәселелер қаралды:**

1. Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының №10 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына 2025 жылғы 26 қазанға сайлау тағайындау туралы;

2. 2025 жылғы 27 тамыздан бастап 25 қыркүйекке дейін кандидаттарды ұсыну мерзімін, 2025 жылғы 30 қыркүйекті қоса кандидаттарды тіркеу мерзімін белгілеу туралы;

3. Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының №10 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалған сайлауға дайындық және өткізу бойынша негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары туралы; (Мына мекен-жайда орналастырылған:

https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/documents/details/888682?lang=kk).

Отырыста басқа да сұрақтар қаралды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша сәйкес қаулылар қабылданды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101 бабының 3-1, 6 тармақтарына сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 26 қазанға Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының №10 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына сайлау тағайындады.

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну 2025 жылғы 27 тамызда басталады.

Округ орталығы: Полтавка ауылы, Тахир Мусаев көшесі, 25А, орта мектеп ғимараты, тел: 8 (71531) 27-1-91.

Округ шекарасы: № 208 (Полтавка а.), № 209 (Достық а., Рощино а.), 224 (Жастар а.), № 225 (Сарытомар а.), № 240 (Советское а.).

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 102 бабына сәйкес мәслихат депутаты болып сайлану үшін азамат Конституцияның 86 бабы 3 тармағының талаптарына сәйкес, сонымен қатар Конституцияның 33 бабының 2-3 тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес сайлау құқығы болуы тиіс.

**Аудандық сайлау комиссиясы.**

# УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, СОНДАЙ-АҚ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17 бабы 2 тармағына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

| № р/н | Сайлау учаскесінің нөмірі | Сайлау учаскесінің орналасқан жері | Сайлау учаскесі шекарасының сипаттамасы | Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы (алфавиттік тәртіпте) |
|---|---|---|---|---|
| **Мағжан Жұмабаев ауданы** | | | | |
| 1. | № 208 | Полтавка а., Т. Мусаев көшесі, 25А, мектеп ғимараты | Полтавка ауылы | **Төрайым –** Өтегенова Алма Назарбекқызы; **төрайымның орынбасары –** Кенжеболатов Ермек Сәлімжанұлы; **комиссия хатшысы** – Береговская Татьяна Васильевна; **комиссия мүшелері -** Клевакина Елена Викторовна, Ратушная Ольга Михайловна |
| 2. | № 209 | Достық а., Мир көшесі, 12, мектеп ғимараты | Достық ауылы, Рощино ауылы | **Төрайым –** Толстых Надежда Николаевна; **төрайымның орынбасары** – Өтегенова Күлбағира Латипқызы; **комиссия хатшысы** – Нұрғалиева Наталья Дмитриевна; **комиссия мүшелері -** Сыздықов Азамат Достайұлы, Толстых Зайра Назарбекқызы. |
| 3. | № 224 | Жастар а., Мир көшесі, 3, мектеп ғимараты | Жастар ауылы | **Төрайым –** Қасенова Жанар Сәбитқызы; **төрайымның орынбасары -** Оспанов Сәбит Төлегенұлы; **комиссия хатшысы** – Исмайылова Нұрсұлу Елубайқызы; **комиссия мүшелері -** Ермішева Әсел Хабдуллақызы, Сыздықова Ботагөз Мұратқызы. |
| 4. | № 225 | Сарытомар а., Клубная көшесі, 2, Мәдениет үйі ғимараты | Сарытомар ауылы | **Төрайым –** Нұрмолдина Анар Серкенқызы; **төрайымның орынбасары** – Нұрахметов Айтмұхамбет Жасұланұлы; **комиссия хатшысы** – Шайдуллина Гүлнәр Көкенқызы; **комиссия мүшелері -** Әбілмәжінова Сәуле Нұрашқызы, Ажданова Гүлнәр Бәриқызы. |
| 5. | № 240 | Советское а., Дубинина көшесі, 2, Мәдениет үйі ғимараты | Советское ауылы | **Төраға –** Бойков Евгений Анатольевич; **төрағаның орынбасары –** Бешімов Сайран Нұрланұлы; **комиссия хатшысы** – Мангура Алсу Ханифовна; **комиссия мүшелері -** Рузанова Наталья Тимофеевна, Шарапова Светлана Геннадьевна. |

**Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комисиясы.**

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ








# КОНСТИТУЦИЯҒА АРНАЛҒАН ВЕЛОЖАРЫС

***27 тамыз күні Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-жылдығы қарсаңында 10 шақырымдық қашықтыққа веложарыс ұйымдастырылды. Аталмыш шараға мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметшілері, мектеп ұстаздары мен әртүрлі сала өкілдері белсене қатысты.***

Веложарыстың қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер бірнеше номинация бойынша анықталды:

**Ерлер арасында**

1 орын - Виталий Заводчиков, №2 Булаев орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі;

2 орын - Виктор Славный, Медвежка орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі;

3 орын - Абай Дабылбеков, «Мағжан» шекара бөлімінің бастығы.

**Әйелдер арасында**

1 орын - Жанель Нұралина, студент;

2 орын - Елена Умовист, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары;

3 орын - Виктория Коцуренко, орталық аудандық аурухананың қызметкері.

**Оқушылар арасында (ұлдар)**

1 орын - Даниил Абакумов, Медвежка орта мектебі;

2 орын - Қазыбек Қадырбай, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия;

3 орын - Вадим Жаркенов, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия;

**Оқушылар арасында (қыздар)**

1 орын - Аружан Жүсіпбек, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп;

2 орын - Элина Шоипова, №2 Булаев орта мектебі;

3 орын - Арина Царегородцева, №2 Булаев орта мектебі.

Жеңімпаздарға кубоктар табыс етіліп, жүлдегерлер дипломмен және медальдармен марапатталды.

Барлық қатысушыларды тамаша нәтижелерімен құттықтап, ауданның спорттық өміріне белсенді қатысқандары үшін алғыс білдіреміз!

**Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі.**







# ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ МЕН ШАҒЫН ФУТБОЛ ТУРНИРІ

**29 тамыз күні Булаев қаласындағы «Jastar» стадионында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-жылдығына орай, аудан прокурорының кубогіне арналған шағын футбол мен жағажай волейболы бойынша спорттық жарыстар өтті.**

Мәселен, оқушылар арасында өткен футбол турниріне ауданның жалпы білім беретін мектептерінен құралған 8 команда қатысып, бақ сынасты.

Тартысты өткен ойындардың нәтижесі бойынша Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының командасы жарыс жеңімпазы атанды. Қарақоға орта мектебінің оқушылары күміс жүлдегер атанса, №2 Булаев орта мектебінің аяқдопшылары қола медальды ұтып алды.

Булаев қаласының мекемелері мен ұйымдары арасында жағажай волейболы бойынша өткен турнирге ересектер қатысып, бас жүлде үшін барын салды.

Жарыс қорытындысы бойынша ТЖМ Өрт сөндіру қызметінің командасы 1-ші орынды жеңіп алды. Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебінің волейболшылары жүлделі 2-ші орыннан көрінсе, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы 3-ші орынды қанағат тұтты.

Жеңімпаз командаларға кубоктар табыс етіліп, жүлдегерлер дипломмен және медальдармен марапатталды.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**







# АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН АҚЫН

*Мағжан – ұлт ақыны. Қай ұлттың да ақыны алдымен өз топырағынан жаралады, сол топырақтан нәр алады. Мағжан туған халқының мұң-мұқтажын, ел басындағы ауыр халді жырлаған ақын.*



Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?

– деп басталған «Мен кім?» өлеңінде кейіпкердің айбатты да, қайсар мінезін ашып береді. «Мен жастарға сенемін» өлеңінде ақын жас жеткіншектерге үлкен үмітпен қарайды. Екі дүние алмасып, аласапыран болып жатқан тұста өмір сүрген ақын халқына тәуелсіздік күнінің жақындағанын сезгендей. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді.

Ақын өлеңдерінде бостандықты аңсау сезімі аса күшті. «Сағындым» өлеңі абақтыда отырған ақынның жан дүниесінен хабар береді. Абақтыда отырып «сар даласын, алыстағы сорлы анасын, алтын күн, қара жер, жүйрік жел, ағайын, туған елін» сағынады. Өзінің еркін өмір сүруін аңсайды. Сол еркіндікке жету жолында абақтының азабын тартып отырғанын ақын өлең жолдарына түсіреді.

Мағжан «Өнер-білім қайтсе табылар» деген өлеңінде:

Білімсіз қатқан жансыз тас деп білсе,
Өнер-білім – қарны ашқан ас деп білсе
Дүниенің теңізінде адасқанға,
Тура жол көрсететін бас деп білсе, - деп ұрандайды. Бұл өлеңде еріншектен, өсекөтіріктен, жалқаулықтан аулақ болып, білім алып, бос жүрмеуге шақырады.

Мағжан ақын ретінде де, азамат ретінде де ерте пісті. Жасы жиырмаға толмай жатып туындылары көркем сөз кестесіне түсіп үлгерді. Қазақ басына түскен зұлматты көре, сезіне жүре ұлттық сезімі ерте оянды. «Болар елдің баласы он бесінде баспын дейді» деген сөз бар. Осы сөз Мағжанға арнап айтылғандай.

Ұлтының қамын ойлаған ақын өлеңдерінің тақырыптары әртүрлі болса да, барлығынан бірдей ел тағдыры көрініс береді. Ақын өлемде не болып жатқанымен шаруасы жоқ, «алдындағы малымен», «ескі заңымен» қоңырқай тіршілік кешіп жатқан халқын сүйіп қана қоймайды, оның ертеңгі болашағының жарқын болатынына сенеді.

Оның сол жарқын болашаққа тезірек жетуі үшін жанын да, қанын да аямайтынын паш етеді. Ұлтты сүю, кісілік деңгейге дейін көтеру, туған халқының мүддесі үшін құрбандыққа баруға әзірлік – Мағжан Жұмабаевтың өмірлік мұраты.

Жас ұрпаққа арналған «Педагогика» оқулығында: «Өзіңнің еліңді сүюі, яғни еліңе жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеуді» әрбір адамның қасиетті борышы ретінде көрсетеді. Азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болған қалпын көруге ұмтылған, сол жолда білегіндегі күшімен, жүрегіндегі жырымен күресіп өткен ақын тағдыры аса күрделі белестерді басынан өткерді.

Өмірге деген құштарлық, айналасындағы адамдарға, туған табиғат пен жер-анаға ғашықтық туралы ойлар – Мағжан өлеңдерінің басты сипаттарының бірі. Ақын нені жырласа да, ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды. Сосын да оның өлеңдері сырлы, сазды, көркем.

Мағжан атамызды айта берсек
сөз жетпейді,
Ұрпағы ақынға ұқсап еліктейді.
Сегіз қырлы, бір сырлы бұл ақынның,
Өзі өлгенмен, ешқашан сөзі өлмейді.

Мағжан Жұмабаевтың артында қалдырған өшпес шығармашылық рухани мол мұрасы біздерге мәңгілік рухани ілім болып қала бермек.

**Айгүл ТЕҢДІКҚЫЗЫ,**
**«Мағжан Жұмабаев музейі» филиалының директоры.**

# 5 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», – деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы.




1989 жылғы 22 қыркүйекте «Тілдер туралы» заң қабылданды. Ал мереке 1998 жылдан бастап тойланады. Сол жылдың 22 қыркүйегі Қазақстан халқы тілдері күні болып жарияланды.

Алайда жиырма жылдан соң аталы датаның күні өзгерді. 2017 жылдың күзінде Үкімет қаулысымен Тілдер күні 5 қыркүйекке ауыстырылды. Өйткені, 5 қыркүйек – қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Сол себептен 2018 жылдан бастап аталы датаның күні өзгеріп, 5 қыркүйекте мерекелене бастады.

Елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тату өмір сүріп жатыр. Мемлекет құраушы ұлт – қазақтардың үлесі 70%-дан асады. Қазақстанда 100-ден астам ұлтқа Ассамблея жанында тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалған. 10-нан астам этникалық топтың өз тілдерінде оқытатын мектептері бар және оларды мәдени-рухани қолдау орталықтары жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан қазақ тілінің қолданыс кеңістігін кеңейтуге жағдай жасалып жатыр. Қазақ тілін үйреніп жүргендердің саны да жылдан жылға көбейіп келеді, олардың арасында өзге ұлт өкілдері де баршылық.

Республикада 111 мемлекеттік орталық жұмыс істейді, онда ересектерге қазақ тілі тегін оқытылады.

Қазақ тілін өз бетінше үйрену үшін Tilqural.kz, Abai.institute, Tilmedia.kz, Balatili.kz, Soyle.kz, Bala.soyle.kz, Qazonline, Ana tili қосымшалары жұмыс істеп тұр және тіл мәдениетін арттыру үшін «Мемлекеттік тіл және БАҚ», «Тіл шебері», «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» байқаулары, «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы және тағы басқа республикалық конкурстар жыл сайын өтеді.

«Қазақстан халқын үйістыратын тағы бір символ – мемлекеттік тіл. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді», - деген еді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы, сондайақ мемлекеттік тілді меңгермеген отандастарымызға қысым жасауға болмайтынын да ескертті.

Президент қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек деп санайды.

# АБАЙ ТУРАЛЫ 15 ДЕРЕК

1. Абайдың шын есімі – Ибраһим. «Абай» деп әжесі еркелеткен. Анасының есімі – Ұлжан. Ұлжан Құнанбайдың екінші әйелі;

2. Абай: «Атадан алтау, анадан төртеу едім». Құнанбай қажының 4 әйелі болған. Бәйбішесі Күнкеден – Құдайберді. Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим, Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Төртіншісі – Нұрғаным. Одан ұрпақ жоқ;

3. Хәкімнің ақын, жазушылықтан бөлек, композиторлық қабілеті де болған. Ол бірқатар өлеңіне әнді өзі жазған. Соның бірегейі – «Көзімнің қарасы»;

4. Ақындық жолына 10 жасында түсе бастайды. Ең алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялаған;

5. Жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы ұлы Абай қазақ, араб, парсы, орыс тілдерін білген. Иран, шағатай (ескі өзбек) тілдерінде жазылған дастан-қиссаларды, ертегілерді оқыған;

6. Ел басқару ісіне 13 жасында араласқан;

7. Абайдың алғашқы махаббаты – Тоғжан;

8. Бірінші жары Ділдәға 1860 жылы 15 жасында, екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген. Әмеңгерлік жолмен алған әйелінің есімі – Еркежан. Ол Абайдың інісі – Оспанның қалыңдығы;

9. Ұлы ағартушының 10 баласы болған. Ол немере 16 жасында әке атанып, 36 жасында алғашқы немересін қолына алады. Оның аты – Әубәкір;

10. Саяси қайраткер 21 жасында болыс болып сайланады;

11. Ақынның саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен орыс зиялы қауым өкілдері: Е. Михаэлис, А. Леонтьев, С. Гросс, А. Блек, П. Лобановский, Н. Коншин, Н. Долгополов және т.б;

12. Ақын өмірінде 176 өлең, «Ескендір», «Масғұт» және «Әзім әңгімесі» поэмалары мен 45 қара сөз жазып қалдырған. Сондайақ ол шебер аудармашы да болған. М. Лермонтовтың өлеңдерін, А.С. Пушкиннің дастандарын және И.А. Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударған.

13. Жазушының ғақлиялары (қара сөздері) әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Атап айтсақ, қытай, француз, орыс және т.б.

Ал өлеңдері грузин, қарақалпақ, қырғыз, татар, француз, ағылшын, түркмен, ұйғыр тілдеріне аударылған;

14. Ұлы данышпан туралы көптеген мақала, кітаптар жазылып, фильмдер түсірілді. 2020 жылы ақынның туғанына 175 жыл толуына орай арнайы «Abai tv» телеарнасы ашылған;

15. Абай мұрасын алғаш зерттеп бастаған ағартушы ғалымдар мен қайраткерлер: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров және тағы да басқалары.




# Абайға арнау

*Абай ұлы ұмытылмас жарқырап,*
*Абай дара туылмастай қайталап.*
*Тең келеді Қара сөзі алтынға,*
*Ащы шындық сөйлейтіндей шырқырап.*

*Халық мұңын, халық жанын түсініп,*
*Бар өмірін сарп еткендей күйініп.*
*Қара қалам ақ қағазға сыйғызған,*
*Бар мен жоқты айқара ашып көрсетіп.*

*Күйінішін халықтың бәрін жазып,*
*Болашақты меңзейтіндей ұлы ақын.*
*Бар ойымен ұштастырып әлемді,*
*Жатқандай бар қазаққа от жағып.*

*Абай ұлы қазақта Абай ұлық,*
*Болғандай жарқыраған таңғы шық.*
*Өшпейді өшпес мұра қалдырған жан,*
*Һәкім Абай жүрегімен халыққа жақ.*

**Ханифа Ескендірқызы Нөкебаева,**
**ардагер ұстаз.**

МАМАН КЕҢЕСІ

# ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі;

2) **жасына байланысты зейнетақы төлемдері;**

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері

түріндегі зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар.

Жасына байланысты төлемдер ер адамдарға 63 жасқа толғанда тағайындалады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдер әйел адамдарға:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;

2030 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;

2031 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең есепке алынады.

Еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде мыналар:

1) еңбек шарттары бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмыс;

2) әскери қызмет;

3) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызмет;

4) мемлекеттік қызмет;

5) кәсіпкерлік және кірістер әкелетін өзге де қызмет;

6) басқа адамның көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;

7) мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балаға күтім жасаған уақыт;

8) жұмыс істемейтін ананың жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін, жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт;

9) Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жердегі жоғары оқу орындарындағы, оның ішінде даярлық курстарындағы, арнаулы орта оқу орындарындағы, училищелердегі, мектептердегі және кадрлар даярлау, біліктілікті арттыру және қайта мамандандыру курстарындағы, аспирантурадағы, докторантурадағы және клиникалық ординатурадағы, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарындағы оқу;

10) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;

11) Қазақстан Республикасына тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында келген этностық қазақтардың шығу елінде еңбек қызметі есепке алынады.

**Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық көлемде белгіленген жасқа толғанда азаматтардың мынадай санаттарына:**

1) ерлерге – 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде жиырма бес жыл еңбек өтілі болған кезде;

2) әйелдерге – 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде жиырма жыл еңбек өтілі болған кезде тағайындалады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері азаматтарына жасына байланысты зейнетақы төлемін толық көлемде алу құқығы болмаған кезде, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілінің болуына қарай тағайындалады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық емес көлемде азаматтардың санаттарына олардың жасына байланысты зейнетақы төлемін толық көлемде алу құқығы болмаған кезде, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілінің болуына қарай тағайындалады.

Жасына байланысты толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдері жасына байланысты толық көлемдегі зейнетақы төлемінің үлесі ретінде 1998 жылғы 1 қаңтардағы еңбек өтіліне барабар түрде есептеледі.

Зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтар еңбек өтілі бойынша (еңбек кітапшасы, білімі туралы құжат, әскери қызмет құжаты, балалардың туу туралы куәлігі, т.б.) құжаттары кеңес алу үшін тұрғылықты тіркелген мекен жайдағы Мемлекеттік корпорацияға (ХҚКО) немесе Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64 мекен жайда орналасқан департаменке жүгінуге болады.

Егерде құжаттарды қарастыру кезінде еңбек өтілін растау үшін сотқа жүгіну қажет болған жағдайда, департаменке жазбаша өтініш (бірыңғай қабылдау платформасы және азаматтардың өтініштерін қарау E-Otinish арқылы; пошта арқылы немесе департаменке жеке) құжаттармен бірге (еңбек кітапшасы, архивтік анықтамалар,диплом,т.б.) ұсынылады, өйткені сотқа еңбек өтілін растауда департаменттің пікірі қажет. Өтініш жауабын алғаннан кейін еңбек өтілінің заңды фактісін растауға сотқа жүгінуге болады.

Департаменттің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қабылдау күндері 2025 жылдың 02 қыркүйегінен бастап - әр дүйсенбі және бейсенбі сайын сағат 08.00-ден 17.30-ға дейін, сағат 13.00-ден 14.30 түскі үзіліс. Сонымен қатар 8(7152) 32-00-16, 32-00-61, 32-00-69 телефондарымен хабарласуға болады.



**Ботагөз ҚОЖАҒҰЛОВА,**
**Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы.**

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

# ЖЫЛЫТУ КЕЗЕҢІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ




**Өртті алдын алу мақсатында Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері күн сайын тұрғын үй секторында аулалар мен пәтерлерде профилактикалық іс-шаралар жүргізеді.**

Мұндай профилактикалық іс-шаралардың мақсаты неде? Ең алдымен, бұл өрттердің алдын алуға, олардың тұрғын үй секторындағы салдарын шектеуге бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүргізу. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үй иелерінің рұқсатымен тұрғын және қосалқы үй-жайларда жылыту пештерінің, тұрмыстық электр аспаптарының, электр сымдарының монтажы мен жарамдылығына көзбен шолып тексеру жүргізеді, тұрғындарға тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіреді, жадынамалар мен брошюралар табыстайды.

Рейдтік іс-шаралар барысында тұрғын үй секторындағы өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы анықталады, олар орнында немесе қайта профилактикалық іс-шаралар кезінде жойылады.

Халықтың әлеуметтік осал топтары (жалғызбасты қарт азаматтар, көп балалы отбасылар) тұратын жерлерде профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға ерекше назар аударылады.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі пешті жылыту мен электр жабдықтарын пайдаланудың негізгі қағидаларын еске салады:

Пештің ақауларын уақтылы жою қажет, мысалы, пештің бұзылуы, есіктің құлауы және тағы да басқалары. Өрт - пешке кептіру үшін киім іліп қойылғандықтан немесе жиһаз қойылғандықтан пайда болады. Қатты аязда пешті бірнеше рет қыздырған дұрыс. Өртті алдын алу үшін жанып жатқан пештерді қараусыз қалдыруға болмайды. Оларды бақылауды балаларға, әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларға тапсыру қауіпті.

Сондай-ақ, электр және басқа жылыту және жарықтандыру құрылғыларының дұрыстығын бақылау өте маңызды. Электр жылыту құрылғыларын жанатын тіректерге орнатуға болмайды, жалпы пайдалану дәліздерінде және ағаш бөлімдерге, жиһаздарға, перделерге және басқа да ұқсас заттарға жақын өткелдерде орнатуға болмайды. Электр желісін, соның ішінде бір уақытта тым көп электр құрылғыларын шамадан тыс жүктеу ұсынылмайды. Барлық құрылғыларды бір розеткаға қоспаңыз: шамадан тыс жүктеме салдарынан өрт шығуы мүмкін.

Осы қарапайым қағидаларды сақтау Сізді және Сіздің жақындарыңызды қиындықтан қорғайды.

Төтенше жағдай туындаған жағдайда «101» немесе «112 телефондарына хабарласыңыз.

**Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**

# ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАҒИДАЛАРЫ



***Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері егін жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдауда.***

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес егін егу және ору науқаны басталар алдында барлық қатысушы тұлғалар өртке қарсы нұсқамадан өтеді. Жинау агрегаттары мен автокөліктердің әрқайсысы көлемі кемінде 5 литр болатын екі өрт сөндіргішпен жабдықталады, ұшқын сөндіргіштері жарамды күйде болуы тиіс, сондай-ақ жанармай беру, оталу және майлау жүйелері ретке келтіріледі.

Өрт қауіпті кезеңдегі өрт қаупінің жоғары класы кезінде жердің барлық санаттарында құрғақ шөптесін өсімдіктер мен егін жинағаннан кейінгі қалдықтарды өртеуге жол берілмейді.

Сонымен қатар тұрғындар тұрғын үй ауласында шөп сақтау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауы қажет.

**Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**














## QAZAQSTAN

### Дүйсенбі, 8 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КӨК ЖОЛЫНДА».
12.10, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
13.10 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ».
13.35, 16.45 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН».
15.10 Т/Х «ӘКЕ».
16.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!».
17.20, 04.30 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ».
20.30 ҰНАЙДЫ МАҒАН.
20.35, 03.30 АШЫҚ АЛАҢ.
22.20 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК».
23.15 «1001 ТҮН».
00.15 «ДАРЫН».
01.30 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».
05.00 ЕҢБЕК АДАМЫ.

### Сейсенбі, 9 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.20 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН.
06.15 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КӨК ЖОЛЫНДА».
12.10, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
13.10 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ».
13.35, 16.45 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН».
15.10 Т/Х «ӘКЕ».
16.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!».
17.20, 04.30 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ».
20.30 ҰНАЙДЫ МАҒАН.
20.35, 03.30 АШЫҚ АЛАҢ.
22.20 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК».
23.15 «1001 ТҮН».
00.15 «ДАРЫН».
01.30 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».
05.00 ЕҢБЕК АДАМЫ.

### Сәрсенбі, 10 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КӨК ЖОЛЫНДА».
12.10, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
13.10 «ҮЛЕСКЕР».
13.40, 16.45 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН».
15.10 Т/Х «ӘКЕ».
16.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!».
17.20, 04.20 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ».
20.30 ҰНАЙДЫ МАҒАН.
20.35, 03.30 АШЫҚ АЛАҢ.
22.20 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК».
23.15 «1001 ТҮН».
00.15 «ДАРЫН».
01.30 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».
04.50 ТЕЛЕДӘРІГЕР.

### Бейсенбі, 11 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КӨК ЖОЛЫНДА».
12.10, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
13.10 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ».
13.45, 16.45 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН».
15.10 Т/Х «ӘКЕ».
16.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!».
17.20, 04.20 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ».
20.30 ҰНАЙДЫ МАҒАН.
20.35, 03.30 АШЫҚ АЛАҢ.
22.20 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК».
23.15 «1001 ТҮН».
00.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ».
01.30 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».
04.50 БАУ-БАҚША.

### Жұма, 12 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КӨК ЖОЛЫНДА».
12.10, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
13.10, 13.45, 16.35 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
13.30 АРНАЙЫ ЖОБА.
14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН».
15.10 Т/Х «ӘКЕ».
16.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!».
16.50, 00.50 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН.
17.20, 04.20 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ».
20.30 ҰНАЙДЫ МАҒАН.
20.35, 03.30 АШЫҚ АЛАҢ.
22.20 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК».
23.15 «1001 ТҮН».
00.15 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ».
01.30 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».
04.50 АУЫЛДАСТАР.

### Сенбі, 13 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 01.00 АҚПАРАТ.
06.30 «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН».
06.40 ФУТБОЛ.
07.30, 03.00 БАУ-БАҚША.
07.55 М/Ф.
08.45, 13.50 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
09.00 «ӘЗІЛ ӘЛЕМІ».
10.00, 18.30 Т/Х «КӨК ЖОЛЫНДА».
12.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
12.40 Д/Ф.
13.15, 03.20 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ.
14.05Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ».
16.00, 22.00 БОКС.
20.00 «БӘРІКЕЛДІ».
21.20 «ҰНАЙДЫ МАҒАН».
21.25«БІЗДІҢ ӘН».
01.20 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».
02.20 «ҚОС ПАЛАТА».
02.40 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ».
03.55 «ПИРАМИДАЛАР ҚҰПИЯСЫ», Д/Ф.
04.40 «АУЫЛДАСТАР».

### Жексенбі, 14 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 01.00 АҚПАРАТ.
06.25, 13.50, 03.00 «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН».
06.35 М/Ф.
07.30 БАУ-БАҚША.
08.00 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ.
09.00 АҚСАУЫТ.
09.20, 03.35 ТЕЛЕДӘРІГЕР.
10.00, 19.00 Т/Х «КӨК ЖОЛЫНДА».
12.00 «БӘРІКЕЛДІ».
13.25, 03.10 ОТБАСЫ КҮНІ.
14.05Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ».
16.00, 22.00 БОКС.
20.00, 01.00 «АПТА».
20.45, 01.45 МҮДДЕ.
20.50, 02.50 АҚОРДА.
21.00 «ҰНАЙДЫ МАҒАН».
21.05 ЗАМАНДАСТАР.
01.50 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».
04.05 «ПИРАМИДАЛАР ҚҰПИЯСЫ», Д/Ф.
04.50 КҮМІС КӨМЕЙ.

## ХАБАР

### Дүйсенбі, 8 қыркүйек

05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ.
06.00 Т/Х «ШАШУ».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ.
10.30 М/Ф.
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
11.45, 16.00 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ӨЗЕКТІ.
15.10 ЖҰМЫР ЖЕР.
15.30 ӘСЕМ ӘНДЕР.
16.15, 23.40 Т/Х «МАЖОР-3».
18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
19.00 ЖЕР-ЖАҺАН.
22.40 КЕШREC.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сейсенбі, 9 қыркүйек

05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ.
06.00 Т/Х «ШАШУ».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 PRESIDENT.
10.30 М/Ф.
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
11.45, 16.00 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ӨЗЕКТІ.
15.10 ӘЛЕУМЕТ.
15.30 ДӘСТҮР.
16.15, 23.40 Т/Х «МАЖОР-3».
18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
19.00 ЖЕР-ЖАҺАН.
22.40 КЕШREC.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сәрсенбі, 10 қыркүйек

05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ.
06.00 Т/Х «ШАШУ».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ.
10.30 М/Ф.
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
11.45, 16.00 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ӨЗЕКТІ.
15.10 БІЗДІҢ НАЗАРДА.
15.30 КӨЗҚАРАС.
16.15, 23.40 Т/Х «МАЖОР-3».
18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
19.00 ЖЕР-ЖАҺАН.
22.40 КЕШREC.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Бейсенбі, 11 қыркүйек

05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ.
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 NEOСЕТЬ.
10.30 М/Ф.
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
11.45, 15.45 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ӨЗЕКТІ.
15.10 ӘСЕМ ӘНДЕР.
15.30 КӨЗҚАРАС.
16.00, 23.40 Т/Х «МАЖОР-3».
18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
19.00 ЖЕР-ЖАҺАН.
22.40 КЕШREC.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жұма, 12 қыркүйек

05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ.
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.
10.30 М/Ф.
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
11.45, 16.00 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ӨЗЕКТІ.
15.10 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ.
15.30 Д/Ф.
16.15, 23.40 Т/Х «МАЖОР-3».
18.30 ҚОҒАМ ПІКІРІ.
22.40 ОЙНАIQ.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сенбі, 13 қыркүйек

05.00 JETI QAZYNA.
07.00 ТАМАША.
07.30 КОНЦЕРТ.
09.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ .
10.00 М/Ф.
11.20 М/Ф «БАРБОСКИНЫ».
12.00 «ЗАКОЛДОВАННАЯ ЭЛЛА», Х/Ф.
14.00 АЛҒАШҚЫ.
15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES.
16.30 ОЙНАIQ.
17.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
20.00 КОНЦЕРТ.
22.00 7 КҮН.
22.40 ЖҰМЫР ЖЕР.
23.00 «ГОРОД ЛЖИ», Х/Ф.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жексенбі, 14 қыркүйек

05.00 JETI QAZYNA.
07.00 ТАМАША.
08.00 КОНЦЕРТ.
10.00 М/Ф.
11.40 М/Ф «ЛУНТИК».
12.00 «ГОРОД ЛЖИ», Х/Ф.
14.00 АЗАМАТ.
15.15 КОНЦЕРТ.
17.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
18.30 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС.
20.00 АЛҒАШҚЫ.
21.00 ҚЫЗЫҚ TIMES.
22.00 7 КҮН.
22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ.
23.00 Т/С «ЗАКОЛДОВАННАЯ ЭЛЛА».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## ЕВРАЗИЯ

### Дүйсенбі, 8 қыркүйек

06.00, 02.25 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
11.00 ПОСЛАНИЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА К. ТОКАЕВА НАРОДУ КАЗАХСТАНА.
12.15 Д/Ф.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10, 02.00 НОВОСТИ.
14.20, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «ВРАЧИХА».
00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
03.45 ТОЙ БАЗАР.

### Сейсенбі, 9 қыркүйек

06.00, 02.25 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10, 02.00 НОВОСТИ.
14.20, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «ВРАЧИХА».
00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
03.45 ТОЙ БАЗАР.

### Сәрсенбі, 10 қыркүйек

06.00, 02.40 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10, 02.20 НОВОСТИ.
14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «СПРОСИТЕ У МЕДСЕСТРЫ».
01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
03.45 ТОЙ БАЗАР.

### Бейсенбі, 11 қыркүйек

06.00, 02.40 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10, 02.20 НОВОСТИ.
14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «СПРОСИТЕ У МЕДСЕСТРЫ».
01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
03.45 ТОЙ БАЗАР.

### Жұма, 12 қыркүйек

06.00, 02.50 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10, 02.25 НОВОСТИ.
14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE.
20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС.
22.15 «ТАЙНЫ ГОРОДА М. СЛЕД КУНИЦЫ», Х/Ф.
03.50 ТОЙ БАЗАР.

### Сенбі, 13 қыркүйек

06.00 ТОЙ БАЗАР.
07.00, 03.25 «П@УTINA».
09.00 QАЙМАҚ.
09.35 ПОЕХАЛИ.
10.35 «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ», Х/Ф.
12.45 «ПОСЛЕ ЗИМЫ», Х/Ф.
17.15 «АМАНАТ», Х/Ф.
20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ».
20.55 «ВЕРНОСТЬ», Х/Ф.
01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Жексенбі, 14 қыркүйек

06.00 ТОЙ БАЗАР.
06.45, 03.10 «П@УTINA».
08.40 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ.
09.00 Т/С «ТАЕЖНЫЙ ДЕТЕКТИВ. ОХОТА НА МАМОНТА».
13.15 Т/С «ВЕРНОСТЬ».
17.45 ДВЕ ЗВЕЗДЫ.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.45 Т/С «РОДНОЕ СЕРДЦЕ».
01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

*- Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі.*

***Мәшһүр Жүсіп КӨПЕЙҰЛЫ.***

*- Тіл – өткір найза.*

***Майлықожа СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ.***

*- Сұраған ұят емес, білмеген ұят.*

**Мұзафар ӘЛІМБАЕВ.**










НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# КҮЗГІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

*Ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар - бұл жануарлар мен адамдарға ортақ ауруларды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы жануарларының жұқпалы, сондай-ақ жұқпалы және аса қауіпті ауруларының пайда болуы мен таралуының алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық-шаруашылық және арнайы іс-шаралар жиынтығы.*

Ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларға мыналар жатады: бруцеллезге зерттеу үшін ІҚМ мен ұсақ малдан қан сынамаларын алу, ІҚМ-ны туберкулезге зерттеу, жылына 2 рет: күзде - жануарларды қорада ұстауға ауыстырған кезде және көктемде - қора кезеңінің соңында жүргізілетін аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы жануарлар мен құстардың барлық түрлерін вакцинациялау.

Ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар - малдың клиникалық денсаулығын жақсартуға және қауіпсіздіктің барлық талаптарына жауап беретін ет-сүт өнімдерін алуға бағытталған ұйымдастыру-шаруашылық және сауықтыру іс-шараларын кейіннен жоспарлау және жүргізу үшін қажет.

Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне «Ветеринария туралы» ҚР Заңының 25 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакцинациялауды және диагностикалауды қамтамасыз етуге, ветеринария саласындағы мамандарға ветеринариялық іс-шараларды жүргізу жөніндегі қызметтік міндеттерін орындау кезінде жәрдем көрсетуге міндетті екенін еске салады.

Сондай-ақ, ҚР ӘҚБтК 406 бабына сәйкес ветеринария саласындағы қолданыстағы заңнаманың нормаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын хабарлаймыз.

**Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы.**

АУА РАЙЫ

# ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ САЛҚЫН БОЛАДЫ

**Қазгидромет синоптиктерінің болжамына сәйкес, қыркүйек айында Солтүстік Қазақстан облысында ауа райы құбылмалы болады. Жылы және суық ауа массаларының жиі алмасуына байланысты ай ішінде температура күрт өзгеруі мүмкін.**

Мамандардың айтуынша, айдың орташа температурасы +10...+12°С шамасында болады. Бұл климаттық нормаға сай екен. Дегенмен, айдың екінші және үшінші онкүндіктерінде түнгі уақытта -3°С дейін үсік жүруі ықтимал.

1–10 қыркүйек арасында түнгі температура +6...+11°С, күндіз +13...+23°С, кей күндері +26°С дейін жылы. Декаданың соңына қарай салқын түседі. Екінші онкүндіктің алғашқы күндері түнде +2...+12°С, күндіз +14...+24°С болады. Түнгі уақытта -3°С дейін үсік болуы мүмкін.

Айдың соңғы 10 күнінде түнгі температура +3...+5°С шамасында, кей түндері нөлден төмен болады. Күндіз +9...+22°С аралығында болады деп болжанып отыр.

«Қыркүйек айында жауын-шашын мөлшері облыс бойынша норма шегінде, кей жерлерде нормадан сәл көп болады. Ай бойы жаңбыр жауып, 15–20 м/с дейінгі күшті желдер соғады. Бірінші онкүндікте найзағай болуы мүмкін. Сонымен қатар, тұман жиі түседі, әсіресе айдың бірінші жартысында», - деп хабарлайды синоптиктер.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

# КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПАСПОРТТАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ САЙТЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

**Қолданушылар үшін ашықтық пен қолайлылықты арттыру мақсатында көлік құралдарының электрондық паспорттары (ҚКЭП) жүйесінің сыртқы сайты жаңартылды. Енді сайтта ҚКЭП мәртебесін тексеруге арналған жаңа онлайн-сервис қолжетімді.**




Бұл сервис арқылы көлік иелері электронды төлқұжатының жарамды-жарамсыз екенін жедел біле алады. Егер қателер салдарынан «жарамды» мәртебесі берілмесе, жүйе себебін автоматты түрде көрсетіп, оны түзету бойынша ұсыныс береді. Қызмет Қазақстанда, сондай-ақ Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясында рәсімделген төлқұжаттарды қамтиды.

Сонымен қатар, сайттың жаңартылған нұсқасы ақпараттық тұрғыдан толықтырылып, навигациясы жеңілдетілді. Мұнда жеке тұлғаларға арналған ҚКЭП рәсімдеу жөніндегі қадамдық нұсқаулықтар орналастырылған: Қазақстанда автокөлік сатып алу кезінде, Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен көлік әкелгенде немесе ЕАЭО-ға кірмейтін үшінші елдерден импорттаған жағдайда.

Жүйемен тікелей жұмыс істейтін заңды тұлғалар үшін ЭПЖ-ге қосылу тәртібі туралы толық ақпарат берілген. Онда келісімшарт жасасу рәсімі, қажетті құжаттар тізімі және өзара әрекеттесуге қойылатын талаптар көрсетілген. Жеке бөлімде ҚКЭП рәсімдеу мен қолдануды реттейтін барлық қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер жинақталған. Сонымен бірге, жиі қойылатын сұрақтарға жауап берілетін бөлім бар, онда ҚКЭП-мен жұмыс істеудің негізгі қырлары түсіндірілген. Сондай-ақ пайдаланушылар толық байланыс деректерін, оның ішінде техникалық қолдау қызметімен байланыс арналарының барлығын таба алады.

**ҚКЭП дегеніміз не?**

Электрондық көлік паспорты – автомобиль туралы толық ақпаратты қамтитын цифрлық құжат: техникалық сипаттамалары, әкеліну және тіркелу тарихы, кедендік жарату деректері жиналған. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанға әкелінген барлық көлік құралдарын алғашқы тіркеу үшін ҚКЭП болуы міндетті. Бұл талап көлік құралдарын тіркеу қағидаларында бекітілген.

ҚКЭП тек Қазақстанда ғана емес, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде – Ресей мен Беларусьта да қолданылады. Оның енгізілуі тіркеу рәсімін жеңілдетіп, жалған құжат жасау мен қателікке жол бермей, елдер арасындағы ақпарат алмасуды сенімді етті.

**Жүйе қалай жұмыс істейді?**

Қазақстанда ҚКЭП-нің ұлттық операторы – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ. Компания ақпараттық жүйенің жұмысын қолдайды, функционалын дамытады және мемлекеттік деректер базаларымен тұрақты интеграцияны қамтамасыз етеді.

ҚКЭП-ға арналған деректер түрлі мемлекеттік органдардан түседі: Техникалық реттеу және метрология комитеті, Мемлекеттік кірістер комитеті, «Жасыл даму» АҚ, ІІМ және басқа ұйымдардан. Бұл көлік құралының толық цифрлық профилін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Егер паспортта қандай да бір мәлімет көрсетілмесе, пайдаланушы тікелей тиісті ұйымға жүгінуі қажет. Мысалы, кедендік рәсімдеу туралы ақпарат жоқ болса – Мемлекеттік кірістер комитетіне, көлік құралының құрылымдық қауіпсіздігі жөніндегі мәліметтер үшін – Техникалық реттеу және метрология комитетіне, ал утилизациялық алым бойынша деректер болмаған жағдайда – «Жасыл даму» АҚ-на хабарласу керек.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бүкіл платформаның тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, қызметтерді жетілдіруде. Мақсат – ҚКЭП рәсімдеу мен пайдалану процесін мүмкіндігінше ыңғайлы әрі түсінікті ету.

Қосымша сұрақтар бойынша 701 999 нөмірі арқылы байланыс орталығына хабарласуға немесе ҚКЭП жүйесінің ресми сайтындағы жаңа тексеру сервисін пайдалануға болады.

# EGOV MOBILE: АЛАЯҚТЫҚ ПЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ

**Құқықтық көмек бір ғана басу арқылы: eGov mobile мобильді қосымшасында және GOV.KZ мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында азаматтарға құқықтық көмек көрсету бойынша ұсыныстар іске асырылды.**



«Заң мен Тәртіп» идеологиясын іске асыру шеңберінде Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Ұлттық ақпараттық технологиялар акционерлік қоғамымен және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, eGov mobile мобильді қосымшасында және GOV.KZ Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында алаяқтық, нашақорлық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, кибербуллинг, қалыңдық ұрлау, самокатшылар, жол-көлік оқиғалары мәселелері бойынша азаматтарға құқықтық көмек көрсету маршрутизаторы іске асырылды.

Жаңартылған сервистер халыққа құқықтық тәуекелдер мен қауіптер бойынша қарапайым және түсінікті кеңестерді, құқықтық өзін-өзі қорғау және кеңес беру құралдарын, қылмыстық қудалау органдарына онлайн өтініш беру үшін 102-ге, «Qamqor.gov.kz» сервисіне тиісті сілтемелерді ұсынады.

Осыған ұқсас GOV.KZ Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында іске асырылды.

**Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.**

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

# ЕЛІМІЗДЕ СТАЛКИНГ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЕНГІЗІЛДІ



**Елімізде азаматтардың жеке еркіндігін қорғау мақсатында алғаш рет сталкинг үшін қылмыстық жауапкершілік көзделді.**

Сталкинг – азаматтың келісімінсіз оны аңду немесе байланыс орнатуға ұмтылу әрекеттері, яғни күш қолданбайтын, бірақ адамның еркіне қарсы бағытталған, жеке өмірге елеулі зиян келтіретін қудалау түрі.

Жаңа заңға сәйкес мұндай әрекет үшін:

- 200 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл,
- 200 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстар,

немесе 50 тәулікке дейінгі қамау жазасы қарастырылған.

Бас прокуратура атап өткендей, егер сталкинг күш қолданумен, қорқытумен, бопсалаумен немесе жеке өмірге қол сұғумен қатар жүрсе, ол қосымша Қылмыстық кодекстің өзге баптарымен қоса қарастырылады.

«Қылмыстық қудалау тек нақты зиян келген жағдайда басталады. Мәселен, жеке өмірге қол сұғу, жүріп-тұру еркіндігінің шектелуі немесе психологиялық қысым жасалса, бұл бап қолданылады. Жауапкершілік енгізудің негізгі мақсаты – құрбандарды ерте кезеңде қорғау және қоғамда агрессивті мінез-құлыққа мүлде төзбеушілік қағидатын қалыптастыру», делінген ресми хабарламада.

Сонымен қатар қадағалаушы орган сталкинг ұғымына құқық қорғау органдарының заң шеңберінде жүргізетін әрекеттері кірмейтінін түсіндірді.

Бас прокуратура азаматтарды сталкинг белгілері байқалған жағдайда бейжай қалмай, дереу ішкі істер органдарына жүгінуге шақырды.

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда теріліп беттелді.
«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй).
Таралымы - 600

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады